



САРЫАРҚАДАҒЫ СЕРПІЛІС

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



АЛАШ ЖУРНАЛИСТИКАСЫН ҮЛГІ ЕТКЕН

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ҮМІТ БАСЫМ, КҮДІК ТЕ ЖОҚ ЕМЕС

7-БЕТ | САРАПТАМА



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Түрлі сын-қатерге қарамастан, біз стратегиялық мақсат-міндеттерімізден айнымаймыз. Аз уақыт ішінде жүйелі саяси реформалар жасадық, экономиканы жаңғыртатын және қоғамдық этиканы жаңартатын ауқымды шараларды қолға алдық. Саяси өзгерістер азаматтық қоғамның дамуына әлден-ақ тың серпін беріп үлгерді. Отандастарымыздың мемлекеттік маңызы бар шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігі едәуір артты.

№84
(4672)

Сейсенбі
16 шілде
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БАП ШАБА МА, БАҚ ШАБА МА?

Елімізде жоғары оқу орындарына білім беру гранттарының конкурсына қатысу үшін өтініштер қабылдау жүріп жатыр.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, конкурсқа қатысуға алғашқы екі күнде 20 мың талапкерден өтініш түскен.

Биыл құжаттарды қабылдау eGov арқылы онлайн форматта немесе ЖОО-лардың қабылдау комиссиялары арқылы офлайн форматта жүзеге асырылуда. Сондай-ақ ЖОО-да виртуалды қабылдау комиссиясы жұмыс істейтін болады.

Құжаттарды қабылдауды кез келген ЖОО (орналасқан жері бойынша) арқылы жүзеге асыруға да болады.

Өтініштерді қабылдау 24 шілдеге дейін жалғасады.

МИЛАНҒА ТІКЕЛЕЙ ҰШАДЫ

Милан мен Қазақстан астанасын байланыстыратын NEOS-тың жаңа рейсі іске қосылды, деп хабарлады Elorda.info халықаралық әуежайдың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Италияның Қазақстан Республикасындағы Елшісі Альберти Марко және ҚР ҚМ Азаматтық авиация комитеті халықаралық байланыстар бөлімінің басшысы Әділет Көбеновтің қатысуымен Милан-Астана рейсінің ресми ашылуы салтанатты түрде өтті.

«NEOS авиакомпаниясының рейстері Boeing 787 Dreamliner ұшағында орындалады, бұл жолаушыларға Миланнан Қазақстанның астанасына және кері бағытқа жылдам әрі жайлы саяхаттауға мүмкіндік береді» деп жазылған хабарламада.



АТАМЕКЕНІН АҢСАП КЕЛГЕН

Бурабай баурайындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына 12 мемлекеттен 288 қазақ баласы жазғы демалысқа келді. Шетелдерде тұратын дарынды балалар 15 күн бойы ана тілі, ел тарихы, ұлттық салт-дәстүрге бағытталған бағдарламаларға қатысады.

5

«ҚАРАӨТКЕЛ» КӨПІРІ БІР АЙҒА ЖАБЫЛАДЫ

Астана қаласының көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы «Қараөткел» көпірінің Тәшенев көшесінен Қалқаман көшесіне дейінгі учаскесінде жол төсеміне орташа жөндеу жұмысы жүргізілетінін хабарлады.



Осыған байланысты 14 шілдеден 15 тамызға дейін жоғарыда аталған учаске ішінара жабылады. Бұл ретте автокөлік қозғалысы тараптардың бірі бойынша екі бағытта да жүзеге асады.

«Елорда тұрғындары мен қонақтарынан қала жолдарында кептеліс болмас үшін өз маршрутты алдын ала жоспарлауды сұраймыз. Уақытша қолайсыздық үшін кешірім сұраймыз және жол-құрылыс жұмысын жүргізуге түсіністікпен қарауды өтінеміз» деп ескертеді әкімдіктен.



«ЕЛ ЖҮРЕГІ – ЕЛОРДА!» – МЕРЕКЕЛІК ЖАРЫС

Ботаникалық саябақта өткен бұқаралық жүгіруге 1000-ға жуық адам қатысты. Бұл мерекелік іс-шара елордада бұқаралық жүгірудің трендке айналғанын тағы бір дәлелдегендей болды. Зейнеткер мен жасөспірім баланың қатар жүгіріп, бой сергітіп, көңіл көтергені сөзсіз. 1,3 және 4 шақырымға жүгіргендердің бәрі де мәре сызығынан сәтті өтті.


8

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 517.21 \$ USD/KZT 475.03 ₸ RUB/KZT 5.44 ¥ CNY/KZT 65.51

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ТІЛЕУЛЕС ЕКЕНІН БІЛДІРДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-тың бұрынғы президенті Дональд Трампқа жасалған қастандықты қатаң айыптап, оның тезірек сауығып кетуіне тілеуестік білдірді.

Бұған дейін АҚШ-тың бұрынғы президенті Дональд Трамп сайлау науқаны аясында Пенсильванияда сөз сөйлеген кезде оған оқ атылып, саясаткер құлағы қанаған күйі сахнадан кетуге мәжбүр болғаны хабарланды.

– АҚШ-тың бұрынғы президентінің Батлер қаласындағы өз жақтастары алдында сөйлеген сөзі небәрі бірнеше

минутқа созылды. Саясаткер заңсыз көші-қон проблемалары туралы айтқан кезде күтпеген жерден сөзін үзіп, үнсіз қалды. Кенеттен мылтық даусы естіліп, Трамп құлағын қолымен басқан күйі мінбер артына отыра кетті, – деп жазылған материалда.

Бірнеше минуттан кейін оққағарлары Трампты қоршаған күйі оны іс-шара ау-

мағынан алып кетті. Куәгерлер экс-президенттің құлақ тұсы қан екенін байқаған.

Кейіннен Дональд Трамп құлағынан жараланып, көп қан жоғалтқаны және Пенсильвания штатындағы ауруханалардың бірінде ем алғаны белгілі болды. Трамп қазір ауруханадан шығарылды, оның денсаулығына ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ.

ҰЛТ СПОРТЫ – ЕЛ МЕРЕЙІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық олимпиада комитетінің президенті Геннадий Головкинді қабылдады.

Геннадий Головкин ұйымның халықаралық бағыттағы қызметін үйлестіру шаралары, сондай-ақ салалық білім беру жобалары туралы баяндады. Оның айтуынша, ҰОК Халықаралық Олимпиада комитетімен, Азия Олимпиада кеңесімен және басқа елдердің осындай құрылымдарымен байланысты жандандырып

жатыр. Сонымен қатар Ұлттық олимпиада комитеті спортшылардың құқығын қорғауға бағытталған жобаларға баса мән беріп келеді.

1990 жылы Қазақстанның Олимпиада ойынындағы құрама командасын реттейтін ұйым ретінде құрылды. 1993 жылы Халықаралық Олимпиада комитетіне мүше болды. Ұйым

спорттық іс-шараларды өткізуге және ұлттық құрама командаларды жасақтауға жауапты.

Президент Париж Олимпиадасы қарсаңында комитет басшысын қабылдап, төртжылдықтың басты бәсекесінде құрама мүшелерін қатысуын сәтті ұйымдастыруды, спортшыларға жан-жақты жағдай жасауды тапсырды.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМНІҢ ЖЕДЕЛДІГІ АРТТЫРЫЛАДЫ

Жедел жәрдем қызметі – медицина саласы қызметінің тиімділігін айқындайтын бір көрсеткіш. Өйткені басы ауырып, балтыры сыздаған адамдар алдымен жедел жәрдемге жүгініп, тұтас саланың жұмысына баға береді. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек осы саланың жұмысына баға берді.

– Қала тұрғындары тарапынан жедел медициналық жәрдем станциясының жұмысына қатысты негізделген шағымдар түседі. 103 қызметі басшылығымен және денсаулық сақтау басқармасымен мәселелерді шешу ісі талқыланды. Мәселен, қазір жедел медициналық жәрдем станциясының автопаркінде 145 автокөлік бар. Олардың бір бөлігі жөндеуді қажет етеді. Бұл мәселені шешу үшін санитарлық көлік паркіне сыртқы аудит жүргізілді. Жеткізушілермен санитарлық көліктерді жөндеу бойынша шарттар жасалды. Желідегі көліктер санын көбейту үшін әрі жылдамдықтың 4-санатына қоңырау шалу үшін қосымша машиналарды уақытша жалға аламыз, – деді қала әкімі.

Жедел жәрдем қызметінде мамандардың біліктілігімен қатар, көліктің сын-сапасы шешуші рөл атқарады.

– Биыл жедел медициналық жәрдем станциясының автопаркін 70 бірлік санитарлық машинаға ұлғайту жоспарланды. Сондай-ақ кезең-кезеңімен медициналық бригадалардың ашықтығын арттыру және жұмысын бақылау үшін санитарлық автомобильдерге ішкі видеотіркегіштер орнатылады, санитарлық автомобильдерді радиофикациялау бригадалар мен диспетчерлік қызметтер арасындағы үздік өзара іс-қимылды қамтамасыз етіледі, электронды бортық журналдарды енгізу автомобильдерді пайдалануды есепке алу мен бақылауды жақсартуға мүмкіндік беріледі, медицина қызметкерлері мен

жүргізушілердің жалақысы ұлғайтылды, – деді Жеңіс Қасымбек.

Айта кететіні, Астана қаласының тұрғындары және қонақтарынан тәулік ішінде 103 пультіне шамамен 1200 қоңырау келіп түседі. 2003 жылдан бері орталық заманауи автоматтандырылған жүйесімен жабдықталған, онда шақырулар шұғыл санаттар бойынша сұрыпталады.

Жедел жәрдем қызметі елордамен бірге жетіліп келеді. 2012 жылдың сәуір айында қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы ISQUA халықаралық стандарттар жүйесі бойынша аккредиттеуден сәтті өтті.

Бүгінде емханаға дейінгі кезеңде шұғыл және жедел медициналық жәрдем көрсетуді қамтамасыз етіп келеді.



ЖАҢА ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Цифрлық

инклюзия және трансформация жөніндегі Азия-Тынық мұхиты министрлік конференциясын ұйымдастыру

туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАНЫ ҚЫСҚАРТУ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен кеңес барысында сауданы цифрландыру арқылы көлеңкелі экономиканы азайту мәселелері қаралды. Сауда және интеграция, Қаржы, Өнеркәсіп және құрылыс, Ауыл шаруашылығы министрліктерінің атқарып жатқан жұмыстары, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП өкілдерінің пікірлері тыңдалды.



Жиынға қатысушылар көлеңкелі экономикамен күресте тиімді құралдардың бірі болып саналатын тауарларды таңбалауды енгізудің оң әсерін атап өтті.

Қазақстанда темекі және аяқ киім бұйымдары, сонымен қатар биылғы 1 шілдеден бері барлық дәрі-дәрмектер сәйкестендіру құралдарымен міндетті таңбалауға жағдай.

Сауда және интеграция министрлігінің мәліметінше, темекі өнімдерін міндетті таңбалау енгізілгеннен кейін оның барлық түрлері бойынша акциз түсімдері 25 пайызға өскен. Сонымен қатар контрафактілік өнімдерді анықтау мүмкіндігі артты.

Мәселен, елімізде 2022 жылдан бастап 2024 жылдың I тоқсанына дейін 15 млрд теңге көлемінде заңсыз темекі өнімі тәркіленді.

Бұл ретте импортталған аяқ киім бұйымдарынан ҚҚС және кедендік баж түсімдері 293 пайызға: 2021 жылғы 7,8 млрд теңгеден 2023 жылғы 30,7 млрд теңгеге дейін өсті.

Сонымен қатар таңбалауды тауарлардың басқа топтарына енгізу жоспарлары талқыланды, алдағы 5 жылға арналған болжамдарға сәйкес, оны іске асыру көлеңкелі айналымды тағы да 926 млрд теңгеге

қысқартуға, бақыланатын экономиканың үлесін 23 пайызға, бюджет түсімдерін 270 млрд теңгеге ұлғайтуға мүмкіндік береді.

«Біз экономиканың ашық әрі заңды жүруіне, нарығымыздың толық қадағалануы мен ашықтығына қол жеткізуіміз керек. Бұл ретте бизнес мүдделері ескерілуі тиіс. Орта мерзімді перспективада тауарларды таңбалауға көшудің нақты мерзімдерін әзірлеу қажет. Кәсіпкерлер өздерін алдағы уақытта не күтіп тұрғанын білуі керек. Егер біз тауарлардың жекелеген топтары бойынша артта қала бастасақ, онда өндірушілерге қосымша мемлекеттік қолдау көрсету шараларын пысықтау қажет» деп Олжас Бектенов,

салалық мемлекеттік органдарға таңбалауды енгізудің оң әсерлері туралы жұртшылықпен бизнесті хабардар ету жөніндегі жұмысты күшейтуді тапсырды.

Жиында Қазақстанда Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесінің пилоттық жобасын іске асыру барысы қаралды. Аталған жоба тауарлардың жеткізушілерден сатып алушыларға өтуін қадағалауға, бүкіл жеткізу тізбегін бақылауға, нақты уақыт режимінде тауарлардың өңірлік ауыл

шаруашылығы өндірістік кооперативтері қоймаларында болуы және қозғалысы туралы ақпаратты тіркеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ деректерді өңдеу уақытын қысқартады әрі тауар айналымын бақылаудың тиімділігін арттырады.

Пилоттық жобаны іске асыру нәтижесінде 89,4 млрд теңге көлемінде ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерінің шарттары 100 пайыз цифрландырылды, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілер мен өткізушілердің 95 пайызы қамтылды.

Бұған қоса, Ұлттық жүйені кеңейту және оған 58 тауар позициясынан тұратын азық-түлік себеті мен соның негізінде инфляция есептелетін 488 тауардан тұратын тізбені енгізу жоспарлары қаралды.

Кеңес қорытындысы бойынша Үкімет басшысы тиісті министрліктерге контрафактілік тауарларды анықтау шараларын күшейтуді, сондай-ақ аяқталған пилоттық жобалар бойынша тауар топтарын міндетті таңбалауды енгізу және бағалардың сенімді әрі жедел мониторингін қамтамасыз ету мақсатында тауарлардың бірінші каталогын заңнамалық тұрғыдан бекіту мәселелерін пысықтауды тапсырды.



ЕРЕКСHE МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Мағжан Жұмабаев атындағы халықаралық жоғары колледжі қалалық әкімшіліктің және «Бақытты отбасы» қоғамдық қорының қолдауымен Астана қаласының орталық паркінің амфитеатрында «Ерекше адамдар – ерекше мүмкіндіктер» атты фестиваль өткізді.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналып өткізілген бұл фестивальдің шымдығын инклюзия арқылы ерекше жандардың шығармашылық қабілетін дамытуға арналған «Особые праздники» қоғамдық қорының мүшесі, әнші Валерия Хан «Астана» әнімен ашты. Сондай-ақ фестиваль барысында өз толқынысымен бөліскен әнші ерекше жандарға

арналған ауқымды іс-шараға «Особые праздники» қоғамдық қорының мүшесі ретінде қатысып отырғанын және өз өнері арқылы осы фестивалге үлес қосқанына қуанышты екенін айрықша атап өтті.

Аталған фестивальдің басты мақсаты – ерекше балалар мен олардың ата-аналарына қолдау көрсету. Сондай-ақ олардың оқшаулануды жеңіп, әлеумет-

тік дағдыларды меңгеруіне жәрдемдесу.

Фестиваль бағдарламасы «Кедергілерді жеңу: шектеусіз өмір» панельдік сессиясы, «Жасыл шаһардың сиқыршысы» инклюзивті қойылымы және бүкіл отбасы үшін ашық алаңда ұйымдастырылған ойын-сауықтарды қамтыды.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

«АСТАНА – ПАРИЖ 2024» КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Париждегі Олимпиада ойындарының ашылуына екі апта қалғанда елордада «Астана – Париж 2024: фокуста гандиспорт және Паралимпиада ойындары» фотокөрмесі ашылды.



Шапағат ӘБДІР

Францияның ұлттық мерекесіне орай өткен бұл іс-шараны ұйымдастыруға Францияның Қазақстандағы елшілігі, Ұлттық паралимпиада комитеті, Астана әкімдігі және мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорттық даярлау орталығы ұйытқы болып отыр. 50-ге жуық фототуынды гандиспорт пен Олимпизм құндылықтарына – шеберлікке, өзара сыйластық пен достыққа арналған көрме Атырау көпірінде 14 тамызға дейін өтеді.

Көрменің ашылу салтанатында сөз сөйлеген Францияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Дидье Канесс: «Біз бұл көрме арқылы жұрт назарын мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасау мәселесіне аудар-

мыз. Алдағы келе жатқан айтулы додада Қазақстанның Паралимпиада спортшыларына сәттілік тілеймін! Сіздерге француздар да қолдау көрсететінін естен шығармаңыздар» деген ол Париждегі Паралимпиада ойындарында 4500-ден астам спортшы 22 спорт түрінен бақ сынағанын айтып сөзін түйіндеді.

Сонымен қатар көрменің тұсаукесерінде сөз сөйлеген спорт істері басқармасының өкілі Марат Қасқырбаев Париждегі Олимпиада ойындарында Қазақстан атынан спорттың 8 түрі бойынша 32 паралимпиадашы қатысатынын мәлім етті. Сондай-ақ ол еліміздің паралимпиадалық құрамасының Токиода өткен ойындарда 5 медаль жеңіп алғанын еске түсіріп, спортшыларымызға бұл жолы да сәттілік болады деген сенімін білдірді.

Жалпы, аталған көрме екі бөлімнен тұрады. Біріншісі қазақстандық пара-чемпиондар портретінің сериясы болса, екінші бөлімі ірі халықаралық жарыстар кезінде түсірілген жиырма фотосуреттен құралған. Онда әртүрлі паралимпиадалық спорт түрлері, сондай-ақ қозғалыстағы француз және қазақстандық спортшылар бейнеленген. Әрбір фотосурет видеосұхбатпен бірге жүреді. Ал кәсіби спортшылардың немесе әуесқой спортшылардың жолы туралы көбірек білу үшін арнайы QR код орнатылған. Көрсеткіштер соны сканерлеу арқылы өзінің таңдауындағы портреттің сырымен кеңірек таныса алады.

Сондай-ақ портреттердің авторы екі танымал кәсіби фотограф – француз Дидье Эшлар мен қазақстандық Әли Оспан екенін де айта кеткен жөн.

«ЖАҢА АДАМДАРДЫҢ» ЖАСТАР КОНВЕНТІ

Елордада ЭКСПО алаңында «Қазақстан – бар ғұмырым!» атты алғашқы жастар конвенті өтті. Іс-шараны Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Жаңа адамдар» жастар қозғалысы ұйымдастырды, деп хабарлады Астана әкімдігінің ресми сайты.

Жастар конвентіне еліміздің 20 қаласынан 8000-ға жуық белсенді жас қатысты. Іс-шараға қатысушылар үшін мазмұнды бағдарлама дайындалды. Стильге, білімге, биге, футболға және басқа да іс-шараларға арналған 15 тақырыптық нүкте ұйымдастырылды.

«Бүгін адамдар жаңа танысып, тәжірибе алмасатын конвент өтіп жатыр. Іс-шарадан кейін олар өз қалаларына оралады және жаңа байланыстардың арқасында жаңа жобаларды бастай алады. Әртүрлі аймақтарда орна-

ласқан біздің конвент штабтары бұған көмектеседі. Біздің штабтарымызға жастар келіп, шығармашылықпен айналысып, бір-бірімен әңгімелесіп, елдегі өмірді қалай жақсарту керектігі туралы ойлана алатын кампустарға айналады деп жоспарлап отырмыз» деп ой бөлісті «Жаңа адамдар» белсендісі Сағи Саясат.

Сондай-ақ іс-шара аясында акционерлер шайқасы өтті. «Жаңа адамдардан» бастап 12 азаматтық компания заңсыз қоқыс үйінділерінен қираған аялдамаларға дейінгі

әлеуметтік мәселелерді шешу тақырыбында өз жобаларын ұсынды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша жеңімпаз таңдалды, ол өз идеясын іске асыру үшін грант иегері болады.

Іс-шара аясында белсенді жастарға арналған медиа тұлғалар-режиссер Айтөре Жолдасқали, журналист Динара Сәтжан, «Орда» тобының солисі Ерболат Беделхан және басқалар сөз сөйледі.

Бірінші жастар конвенті отандық эстрада жұлдыздарының концертпен аяқталды.



ГАЗДАНДЫРУ: ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?

Астанада газ жүргізуге біржолғы әлеуметтік көмек газдандыруға жататын жеке тұрғын үйлерде тұратын азаматтарға беріледі.

Газдандыруға жататын үйлердің иелері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері әлеуметтік көмек ала алады. Оның бір шарты – көмек алушыларда және отбасының өзге өкілдерінде басқа тұрғын үй болмауы тиіс, ал жан басына шаққандағы орташа табыс төрт ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспауы тиіс.

Әлеуметтік жәрдемақыны зейнеткерлер; мүгедектігі бар адамдар; мүгедектігі бар балалар; көпбалалы аналар мен көпбалалы отбасылар; жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, балалар үйінің түлектері; асыраушысынан айрылуына байланысты мемлекеттік жәрдемақы алатын азаматтар

(бірге тұратын 18 жасқа дейінгі көмелетке толмаған балаларға, оның ішінде 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын балалар) алуға болады.

Әлеуметтік көмектің мөлшері өтініш берушінің газ жабдығын жүргізуге және орнатуға байланысты нақты шығындары негізге алына отырып айқындалады, бірақ оның мөлшері 130 АЕК немесе 479 960 теңгеден аспайды.

Әлеуметтік көмек алу үшін «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өтініш беру қажет. www.egov.kz немесе Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына келесі құжаттарды қоса беру керек:

1) жеке басын куәланды-

ратын құжат;

2) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер;

3) мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың жоқ (бар) екендігі туралы анықтама;

5) газ жабдығын жүргізуге және орнатуға байланысты тұлғаның болған шығыстарын растайтын акт және/немесе құжат (чектердің, түбіртектердің көшірмелері, қызметтер көрсетуге арналған шарт және т.б.);

6) Екінші деңгейдегі банктегі немесе «Қазпошта» акционерлік қоғамындағы банктік шоттың нөмірі туралы мәліметтер.

ҮЗДІК СУРЕТКЕ – ЛАГЕРЬГЕ ЖОЛДАМА

Астана қаласы Білім басқармасы оқушылар арасындағы үздік сурет байқауының жеңімпаздарын анықтады. Жүлделі орындардың иегерлеріне «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру лагеріне жолдама табысталады.

25 маусым мен 7 шілде аралығында елордалық Білім басқармасы Балалар көркемсурет мектебімен бірлесіп «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық акциясы аясында үздік сурет байқауын өткізді. Байқаудың тақырыбы – «Таза Қазақстан» экоакциясы, қала мен табиғатқа ұқыпты қарау. Шығармашылық сайыс қорытындысы бойынша бас жүлде №62 мектеп-лицейінің оқушысы Дәрия Әбдірахманға берілді. Ал 1-орынға №92 мектеп-лицейінің оқушысы Фатима

Арыстанова мен Балалар өнер мектебінің оқушысы Кулагина Юлия лайық деп танылды. 2-орынды №2 Өнер мектебінің білім алушысы Гүлзам Баекешова, №17 мектеп-гимназиясының оқушысы Мәдина Нұралы мен №64 мектеп-гимназиясының оқушысы Жанайым Оралбек иеленді. 3-орыннан №77 мектеп-гимназиясының оқушысы Аймира Исеналинова, №95 мектеп-гимназиясының оқушысы Алуа Булатова мен №3 мектеп-гимназиясының оқушысы Адия Бозжігітова көрінді.



Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫТЫНЫМБАҚҚА
КЕЛУШІЛЕР КӨБЕЙДІ

Сарыарқа ауданы аумағында 80 тынымбақ пен қоғамдық орындар және «Көктал» саябағы бар. Аудан әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлағанындай, «Көктал» саябағында биылғы жылы жөндеу қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, орындардың пластмасса бөліктері ағашқа ауыстырылды.

Сондай-ақ Әлия Молдағұлова сквері, Сирень гүлзары және Есіл өзенінің жағалауы сияқты басқа жерлерде де қоғамдық орындарды жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде көше жиһаздарын қалпына келтіру және бояу кіреді. Абай және Сарыарқа даңғылдарының қиылысындағы жаяу жүргіншілер аймағын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Орындар мен қоқыс жәшіктері орнатылып, тротуар жабыны ауыстырылды.

– Абаттандыру жұмысына тұрғындардың өздері идея білдіріп, қандай жаңа нысандар салуға болатыны туралы ұсынысын айтады. Қала тұрғындарының көмегімен биыл бірқатар қоғамдық кеңістік қайтадан жаңа кейіпке енді. Скверлер мен қоғамдық кеңістіктерге жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізілді. Атап айтқанда, гранит плиталар орнатылып, сынған, бүлінген жерлер қалпына келтірілді, орындар мен қоқыс жәшіктері боялды, – деді аудан әкімі Бауыржан Ералы.

Сонымен қатар, Жеңіс пен Бөгенбай батыр даңғылдарының қиылысында орналасқан «Ақжайық» тынымбағы осы жылы күрделі жөндеуден өтті. Енді бұл орын барлық тұрғындар үшін жайлы демалу аймағы және ойын алаңына айналды. Заманауи стандарттарды ескере отырып қайта жаңартылған тынымбақ айналасына 50-ден астам ағаш отырғызылды.

Аудан аумағында барлығы 57 мыңнан астам жасыл желек бар. Одан бөлек, 2024 жылы ауданның жасыл картасында 21 100-ден астам өсімдік отырғызылады. Оның ішінде 3 600 ағаш және 17 500 бұта, яғни ірі ағаштар мен көпжылдық сәндік бұталар егілді.

Жасыл желектерді күту жұмыстары жалғасуда. Бүгінде жасыл желектер тек қаладағы саябақтардың ғана емес, астана көшелерінің де сәніне айналып келеді. Олар эстетикалық элемент қана емес, сонымен қатар тұрғындарды желден қорғайтын функционалдық рөл атқарады. Бұл ретте «Астана Зеленстрой» ЖШС мердігерлік ұйымы ай сайын аудан аумағындағы жасыл желектердің бұтақтарын пішініне сәйкес уақытылы кесу және оларды күтіп-баптау жұмыстарын дер кезінде жүргізіп келеді.

САРЫАРҚАДАҒЫ
СЕРПІЛІС

Есіл өзенінің оң жағалауында орналасқан Сарыарқа ауданының тарихы сонау Целиноград, кейіннен Ақмола қаласының құрылуынан басталған еді. Бүгінде бұл аудан еліміздің бас шаһарымен бірге есейіп, көркейіп келеді. Тұрғындар саны да күн санап өсуде. Қазіргі таңда ауданның жалпы аумағы 6775 шаршы метрді құрайды. Аудан әкімдігі әсіресе тұрғын алаптардың дамуы мен өркендеуі үшін айтарлықтай күш салуда. Бұл ретте жергілікті жұртшылықтың бастамалары мен ұсыныстары ескеріліп отырады.

КӨРКЕЙГЕН ҚОҒАМДЫҚ
КЕҢІСТІКТЕР

Сарыарқа ауданында аула аумақтарын абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Мысалы, жаяу жүргіншілер үшін жайлылық пен қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін тротуар аумақтарын күрделі жөндеуден өткізу; ескірген және бүлінген

тас төсемдерін жаңасына ауыстыру; көшедегі орындар мен қоқыс жәшіктерін жаңарту жұмыстары белсенді жүргізілуде.

Аудан басшысының айтуынша, биыл Жеңіс көшесі, 34, Юбилейная көшесі, 22 мекенжайларында қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланған. Сондай-ақ тарихи көшелерді қайта жаңарту аясында Біржан Сал, Гете (Мәскеу көшесінен Гете көшесіне дейінгі учаскеде) және Республика көшелері абаттандырылады. Мұнда 30 мың шаршы метр тас төсемді алмастыру көзделіп отыр. Қазіргі уақытта Біржан Сал көшесінде абаттандыру жұмыстары жалғасуда.

Сонымен қатар, Сарыарқа ауданы өзінің кішкентай тұрғындарын заманауи құрылыстармен жабдықталған жайлы ойын алаңдарын жаңартумен қуанып келеді. «Халық қатысатын бюджет – 2024» жобасы аясында Д.Батайұлы көшесі 6, 8, 14, 16, 18 және Кеңдала көшесі, 2, Боталы көшесі, 26 мекенжайларындағы аулалар күрделі жөндеуден өтті. Мұнда әртүрлі жастағы балалар алаңдары толық жөнделіп, спорттық жаттығу алаңдары орнатылды, қосымша тұрақ орындары, футбол алаңдары және тұрғындардың демалуына арналған күркелері

бар тыныш аймақтар жабдықталды. Балалардың қауіпсіздігі үшін ойын алаңдарында резеңке жабын қолданылды. Бұл жобалардың барлығы да аудан тұрғындарының өтініштері негізінде іске асырылуда.

Осы жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша 30 ауланы абаттандыру жоспарланған. Әуезов көшесі, 39, Сұлукөл көшесі, 14, Шұғыла көшесі, 17, Самал шағын ауданы, Дүкенұлы көшесі, 38 мекенжай аулаларында жұмыстар аяқталды.

Аула аймақтарын абаттандырумен бірге аудан көшелерінде де жұмыс қызу жүріп жатыр. Атап айтсақ, Сарыарқа даңғылы, 11, Жеңіс даңғылы, 69, 67 мекенжайлары маңындағы көшелерге жаңа асфальт төселген. Сарыарқа даңғылы, 31/2, Қосығұлұлы, 20, 24 мекенжайлары маңындағы көшелерде асфальттау жұмыстары жүріп жатыр.

Жалпы қалада аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бұл мәселе – қала әкімінің ұдайы бақылауында. Жеңіс Қасымбек биыл Астанада барлығы 170 аула мен қоғамдық кеңістіктің абаттандырылатынын айтқан болатын. Бұл жұмыспен

қаланың барлық ауданы, оның ішінде елді мекендер де қамтылды. Ал Халықаралық балаларды қорғау күніне орай елордада 20-дан астам аула мен қоғамдық кеңістікті ашылды.

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ
ЖАЛҒАСУДА

Сарыарқа ауданында жөндеу жұмыстары қарқынды жалғасуда. Абай және Сарыарқа даңғылдарының қиылысындағы жаяу жүргіншілер жолын абаттандыру аяқталды. Жаңа орындар мен қоқыс жәшіктері орнатылды. Тротуар жабыны ауыстырылып, жаңа сәндік жарықтандыру, тірек қабырғаларының қаптамасы жаңартылды.

Аудан аумағында 9 көшені жол төсемін орташа жөндеуден өткізу жұмыстары жүргізілуде. Оған қоса, асфальт жабыны жоқ 11 көше мен аумаққа инертті материал төселді. Сондай-ақ Тілендиев даңғылының жаяу



жүргіншілер жолы толықтай жаңартылуда. Барлығы 12 км қашықтық жөндеу жоспарланған, қазіргі таңда 50%-дан астам жұмыс аяқталды.

Аудан аумағында мекенжай маңдайшаларын ауыстыру жұмыстары жалғасуда. Мамандардың мәлімдеуінше, ағымдағы жылы Сарыарқа ауданы бойынша 400 маңдайша ауыстырылып, барлық көше атауы «көшесі», «улица», «street» деп қазақ, орыс және

ағылшын тілдерінде және көше атауларындағы тарихи, дәстүрлі атаулар мен тұлғалардың есімдері басқа тілдерге аударылмай, тек мемлекеттік тілде жазылады.

«Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстары жалғасуда. Тұрғындар өздерінің үйлеріне бөліп төлеу арқылы күрделі жөндеу жүргізе алады. Осыған орай алдағы уақытта жеделсатылар жөнделіп, жылумен жабдықтау, су құбыры желілері, шатыр, қасбеттер, су бұру жұмыстары жүргізіледі, жертөлелер мен кіреберістер қалпына келтіріледі.

Жыл басынан бері Сарыарқа ауданында С.Кубрин көшесі, 22/1, Сарыарқа даңғылы, 15, Қарталы көшесі, 18/1 мекенжайларында жеделсатылар ауыстырылды.

ЖЫЛЫ АЯЛДАМАЛАР

Сарыарқа ауданында жылы аялдама павильондарын күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Аталған аялдамалар 2015 жылы елордада алғашқылардың бірі болып орнатылған. Жөндеу жұмыстары аясында жарықтандыру жүйесін толық ауыстыру, жаңа кондиционерлер мен жылытқыштарды орнату, аялдаманы толық бояу, сондай-ақ жаңа резеңке төсемін жайластыру жұмыстары жүргізілуде.

Биыл аудан аумағындағы 8 аялдама павильонын күрделі жөндеу жоспарланған және бұл күндері 5 жерде жұмыстар белсенді жүргізіліп жатыр.

Сарыарқа ауданының аумағында жабық үлгідегі 68 аялдама кешені бар. Олардың 57-і әкімдіктің балансында, ал 11-і демеушілердің қаражаты есебінен абаттандырылған.

Аялдамалар жылыту, бейнебақылау, жарықтандыру, электр қуаты және кондиционер жүйелерімен жабдықталған. Ағымдағы жылы «65 мектеп», «Рио-де-Жанейро» ТК, «Астана технопарк» аялдамасы, «Мирный дом» ТК және «Чехов көшесі» аялдамасында аялдама кешенін орнату бойынша жұмыстар жүргізілді. Ал «№94 мектеп-гимназиясы» аялдамасында жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды.

Сарыарқа ауданы алдағы күзгі-қысқы кезеңге дайындықты бастап кетті. Кесте бойынша жылыту маусымына дайындық жұмыстары жалғасуда, әкімдік қызметкерлері «Астана-Теплотранзит» АҚ-мен бірлесіп күн сайын тұрғындардың жалпы жиналыстарына қатысып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

АТАМЕКЕНІН АҢСАП КЕЛГЕН

Әлемнің түкпір-түкпіріндегі этникалық қазақ балалары жиналған, атажұрттың қадір-қасиетін дәріптеуге бағытталған балалар құрылтайы басталды. Кезекті рет өтіп жатқан аталмыш жобаны Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Оқу-ағарту министрлігімен бірлесе ұйымдастырды. 12 мемлекеттен келген 288 жеткіншек Астанадан аттанып, Бурабай баурайындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында бас қосты.



Индира
БЕРЖАНОВА

Жылдан-жылға ауқымы кеңейіп, деңгейі өсіп келе жатқан жобаның мақсаты мен мазмұны тереңнен сыр шертеді. Әу баста лагерь тек бес баладан құралса, бүгінде бүлдіршіндер саны артып келеді. Шет елдерде тарыдай шашылған этникалық қазақ балаларын бір шаңырақ астында жинап, атажұртқа әкеліп, тарихымызды һәм рухани құндылықтарымызды кеңінен насихаттап, табиғат аясында әдемі демалыс сыйлау – мұндағы басты мақсат. Екі аптаға созылатын жазғы лагерьге алыс-жақын елдерден, атап айтқанда,

Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолия, Иран, Сауд Арабиясы, Түркия, Германия, Польша, Ресейден үш жүзге тарта бала келіп, тегін жазғы демалыс өткізетін болады.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы жобаның өтуіне 2017 жылдан бері бастамашы болып келеді. Биыл да бұл дәстүр жалғасын тапты. Жазғы оқу-сауықтыру лагерьінің бағдарламасында ана тілін дамыту, ел тарихын кеңінен таныту, халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен таныстыру қамтылған. Балалар Бурабай аумағындағы мұражайлар, тарихи орындарға саяхаттап, ұлттық ойындар ойнауды үйреніп, қолданбалы және би өнеріне баулу сияқты шеберліктер сыныптарына қатысады.

– Жобаға алғашында тек ТМД мемлекеттерінен балалар келетін. Биыл Қытайдан да, Еуропадан да, Америка Құрама Штатынан да жасөспірімдер келіп отыр. Бұның бір кереметігі, бүгін бала, ертең халық. Елге келген соң бұл балалар бір-бірімен танысады, табысады, араласып-құраласып, дос болады. Сөйтіп, осы жеткіншектер келешекте Қазақстанды әрі қарай көркейтеді. Бұл жаққа келген көпшілігі – кейін елде қалып, квота арқылы жоғарғы білім алып жатқан жастар. Ол білімді алған соң, олар келешекте Қазақстанның азаматы болып шығады. Алдағы уақытта балалар санын екі-үш мыңға дейін арттырсақ дейміз, – деді Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының

бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков.

Биылғы 9-ауысымның ерекшелігі – дара да дарынды балалардың бас қосыуы. Сайдың тасындай іріктеліп келген балалар лагерьге жолдаманы түрлі байқауларға қатысып, түрлі шығармашылық және спорттық жарыстардың жүлдегері атануымен жеңіп алды. Мысалы, бірі қанмен дарыған қарға тамырлы қазақтың баландық өнерімен көзге түссе, енді бірі – есепке жүйрік балақайлар. Тағы бірі мәнгерлер өлең оқудан оза шапса, ендігісі – күміс көмей әншілер. Одан бөлек лагерьге ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім бүлдіршіндер де қатысады.

Ендігі бір артықшылық, осы жылы Қытайда Қазақстан туризмі жылы жарияланған соң, биыл алғаш рет Қытайдан 48 қандасымыз келді. Бұл қуантарлық жағдай. Сол секілді Ресей мен Моңғолия тарапы балалардың жазғы демалысына арнаулы мемлекеттік бағдарламаларын қолға алған. Ұйымдастырушылардың сөзінше, тәжірибеде осы жоба арқасында атажұртқа көшіп келіп жатқан



отбасылар баршылық. Демек, жас өрендердің елге келіп, саяхаттып кетуі ертеңгі күні өзге де қандастардың келуіне жол ашады.

«Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының бас директоры Сержан Әлібаевтың айтуынша, балалардың жазғы демалысы тиімді өтуі үшін дұрыс күн тәртібін ұйымдастыру маңызды. Сондықтан, отансүйгіш әрі саналы ұрпақ тәрбиелеуде алғашқы күннен-ақ ұялы телефондарын жинастырып, салт-дәстүр негіздері дәріптеліп, білім беру үйірмелері таңдалады.

Шетте өскен адам үшін атажұрттың тау-тасы, топырағы, бәрі ыстық. Әсіресе алғаш рет келгендер үшін ерекше сезім. Балалар да шекарадан

асып, елге аяқ басқанда, қуаныштың көз жасына ерік бердік дейді. Олар бірінші күннен-ақ жауапкершілікті сезініп, бір-бірімен етене жақын араласып жүрді. Солардың қатарында Моңғолияның Баян-Өлгей аймағынан келген 15 жасар Ұлпан Шымболатқызы бар.

«Әр баланың арманы болған «Балдәуренге», Отанымға келгенімге қуаныштымын. Бұған дейін Қазақстанға бірнеше рет келіп тұрдым. Әсіресе Астана әсемдігімен ұнайды. «Бәйтекерек», «Хан Шатыр», «ЭКСПО» аумағы ерекше көз тартады. Баян-Өлгеймен салыстырсақ, елордада тәртіп пен заңға үлкен мән беретінін байқадым. Мысалы, Астанадан көше тәртібін бақылауда ұстайтын арнайы жасақты көрдім. Ал Моңғолияда бұл сирек кездеседі. Барлығы дамыған, адамдары да жылы қарсы алды. Қазақстан жастардың дамуына мүмкіндік береді деп ойлаймын, сондықтан болашақта елге көшіп келгім келеді. Бос уақытымда волейбол ойнап, ән айтқанды ұнатамын. Осы қырларымды атамекенімдегі түрлі жарыстарға қатысу арқылы шыңдағым келеді» деп бөлісті жас өрен.

Ұлпан сияқты талабы таудай бүлдіршіндердің басты арманы – атажұртқа оралып, Қазақстанда білім алу. «Елге ел қосылса – құт». Қандас жастардың атажұртқа оралуы – олар үшін ғана емес, біз үшін де үлкен қуаныш.



ЖАС ҒАЛЫМДАР ЖАРЫСЫ

Астана қаласында оқушылар арасындағы IBO-2024 биологиядан халықаралық ең беделді олимпиаданың салтанатты жабылу рәсімі өтті. Биыл білім додасына әлемнің 81 елінен 305 жас биолог пен 275 ғалым қатысты.

Биологиядан халықаралық олимпиада алғаш рет 35 жыл бұрын өткізілді, оған ол кезде тек алты ел қатысқан. Ал бүгін ел астанасында 81 мемлекеттің топ командалары жиналды. Іс-шараның ашылу салтанатында сөз сөйлеген Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев халықаралық олимпиаданың біздің елімізде өткізілуі аса маңызды екенін атап өтті.

«Қазақтың ұлы ақыны, ойшыл Абай Құнанбайұлы осыдан бір жарым ғасыр бұрын: «Адамның күші оның ойы мен білімінде жатыр» деген. Осы сөздің бүгінгі күні де өзекті екеніне күмән жоқ. Сіздердің көпшілігіңіз болашақта белгілі биолог атанып, мыңжылдықтың орасан зор жаңалықтарын ашасыздар деп сенемін. Осы Олимпиада әрқайсыңыз үшін мамандық таңдаудың, әлемдік ғылымның игілігі үшін елеулі жетістіктерге жетудің маңызды кезеңіне айналатынына сенімдімін. Олимпиада Сіздерге

Қазақстанмен танысып, біздің салт-дәстүріміз, қонақжайлылығымыз бен достығымыздан ұмытылмас әсер қалдырады деп ойлаймын» деді Ғани Бейсембаев.

Олимпиада сұрақтарын дайындауда еліміздің жас ғалымдарының атсалысуы – қуантарлық жағдай. Әлемдік қазылар алқасының, комиссияның тарапынан жоғары баға алуы да бүгінгі іс-шараның ерекшелігін танытады.

Қазақстандық оқушылар 28 жылдан бері аталмыш додада ел намысын қолдан бермей келеді, қоржынға 35 жыл ішінде 70-тен аса медаль түсті. Оның ішінде 2 алтын медаль бар.

Ұйымдастыру комитетінің мәліметінше, биылғы олимпиаданы Қазақстанда өткізу туралы шешім қабылдауына жергілікті оқушылардың жетістігі себеп болды. Қатысушылар тек зияткерлік сайысқа ғана қатысып қоймай, сондай-ақ, елорданың көрікті жерлерін, Қазақстанның



інжу-маржаны – Бурабайды аралайды, еліміздің тарихымен, өнерімен танысады.

Олимпиаданың марапаттау рәсіміне IBO халықаралық комитетінің төрағасы Ленка Либусова қатысты. Қорытынды бойынша оқушылар 150-ге жуық марапатқа ие болды. Олардың қатарында қола медальді иеленген Ғалымжан Бақтыбай, Амина

Тынарбай, Нұртөре Төреханұлы, Диас Сүлейменовтер де бар.

«Қазақстан құрамасының төрт қола медаль алғанына қатты қуанып тұрмын. Бұл жарысқа қуаныптан бері дайындалып келеміз. Алғашқы кезеңде аналитикалық қасиеттерді қажет ететін күрделі 50 сұрақтарға жауап беруден сынға түссек, екінші кезекте түрлі тәжірибе-

лер өткіздік. Болашақта хирург атанғым келеді, сондықтан бұл жарыстың маған берер мүмкіндігі көп болды. Сайыс жоғары деңгейде өтті. Қатысушылар да жан-жақтан келген мықты балалар болды» деп бөлісті 11-сынып оқушысы Нұртөре Төреханұлы.

Жарысқа қатысушылар бір апта бойы биохимия, молекула-

лық биология, биоинформатика және жануарлар анатомиясы, физиологиядан екі теория және 4 практикалық кезеңде бәсекеге түсті. Тапсырмалардың дені отандық жас биологтар тарапынан дайындалды. Іс-шара барысында жарысқа қатысушылар мен қонақтар елорданың көрнекті жерлерін аралап, қазақ халқының өмірі мен мәдениетімен танысып қайтқан болатын.

«Бүгін олимпиаданың жабылу салтанаты керемет деңгейде өткеніне куә болдық. Ұйымдастырушылардың еңбегі зор. Ашылу, жабылу салтанаты да ойымнан шықты. Қазақстанның көркем жерлерін тамашалап, азаматтарының еңбекқорлығына көзіміз жетті. Бізді ерекше ілтипатпен қарсы алғандары – бөлек әңгіме» деп алғыс білдірді Ресейден келген құрама команданың жетекшісі Галина Белькова.

Келесі IBO халықаралық олимпиадасы Филиппин елінде өткізілмек. Сайыс Назарбаев Университетінің базасында өтті. Мұндағы аудиториялар мен зертханалар биологиядан халықаралық олимпиада өткізу стандарттары мен талаптарына толығымен сай келеді. Ұйымдастырушылар да осы жағын жоғары бағалаған.

Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Париж Олимпиадасына қатысатын ұлттық құрама команданың мүшелеріне сәттілік тілеп, Мемлекеттік туды тапсырды. 11 күннен кейін басталатын Олимпиада ойындарында біздің спортшылар нәтижелі өнер көрсетуге бар күш-жігерін салады.



Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

СӘТСІЗДІКТЕН САБАҚ АЛДЫҚ ПА?

Қазір спортшылар дайындығын пысықтап жатса, сарапшылар әлем елдері спортшыларының медаль алу мүмкіндігін талдауда. Мәселен, Gracenote компаниясы әлем және құрлық чемпионатының қорытындысын есепке алып, төрт жылдықтың басты додасында қай мемлекет көш бастайтынын саралады.

Парижде 33-ші рет өтетін Олимпиада бағдарламасына 32 спорт түрі енсе, спортшылар 329 жүлде үшін бәсекелеседі. Бізді Gracenote компаниясы біздің спортшылардың мүмкіндігін қалай бағалағаны қызықтырды.



Мәліметке сенсек, Қазақстанға 2 алтын, 2 күміс, 6 қола медаль бұйырып, жалпы командалық есепте 26-орынға тұрақтайды. Егер нәтижеміз осылай болатын болса, онда Токио Олимпиадасымен салыстырғанда өте жақсы көрсеткіш. Естеріңізде болса, 1996 жылы Қазақстанның олимпиадалық командасы алғаш рет үздіктердің бәсекесіне қатысып, 3 алтын, 4 күміс, 4 қола медальмен командалық есепте 24-орыннан көрінді. Одан кейін Сиднейде – 22-ші, Афинада – 40-шы, Пекинде – 29-ші, Лондонда – 24-ші, Рио-де-Жанейрода – 30-орын алса, Токиода 83-орынға құлдырады. 2000 жылы ең нәтижелі Олимпиада болып, төрт боксшымыз финалға шыққан еді. Одан кейінгі жылдары спорт саласындағы нәтижелер біресе төмендеп, біресе жоғарылады. Спорт сарапшылары мұның түрлі себеп-салдарын алға тартты. Саланы дамытуда ғылыммен байланысты күшейтіп, спорт медицинасын ілгерілету керектігін айтатындар көп. Соның бірі – белгілі спорт журналисі Қыдырбек Рысбек.

«Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары спорт пен ғылым ажырады. Спорт саласында ғылым кенжелеп, соның салдарынан сапалық деңгейіне әсер етті. Қазір он бапкердің сегізі қолына қалам ұстап, жеке жоспар құрып, әр спортшының мүмкіндігін зерделей бермейді. Керек десеніз, он бапкердің тоғыз жоспарсыз

ПАРИЖ-2024: ҮМІТ БАСЫМ, КҮДІК ТЕ ЖОҚ ЕМЕС

жұмыс істейтін жағдайға жеттік» дейді спорт сарапшысы.

Біз спортты дамытудың жолы қандай, неден, қалай қателік жібердік деп жүргенде, Өзбекстан спорты қарыштап дамып келеді. Мәселен, Рио-де-Жанейрода – 21-ші, Токиода – 32-сатыға тұрақтады. Бұл көрсеткіш біздің нәтижемен салыстырғанда жоғары. Тіпті біздің спортшы-

АСТАНА – ҰЛТ СПОРТЫНЫҢ БИІК ТҰҒЫРЫ

Париж Олимпиадасына Қазақстан атынан 80 спортшы қатысады. Олар 25 спорт түрінен 92 жолдамаға ие. Көп лицензияны боксшылар алды. Ерлер 7 салмақ дәрежесінде, әйелдер 3 салмақта сынға түседі. Ал дзюдошы ерлер 5 салмақта, әйелдер 3 салмақта медальға таласады. Көп жолдаманы спорттық гимнастика өкілдері алды. 2 гимнаст 8 бағдарлама бойынша өнер көрсетеді. Жеңіл атлеттерде де 8 жолдама бар. Байдарка мен каноэде есу мен оқ ату түрінен 6 олимпиадашы бақ сынаиды. Семсерлесуге 5 жолдама тиесілі. Садақпен ату, еркін және грек-рим күресінің шеберлері 4 лицензиядан алды. Одан бөлек, стендтік ату, үстел теннисі, теннис, веложарыс, жүзу, қазіргі бексейс, таэквондо, бадминтон, ескек есу, көркем гимнастика, триатлон, брейкинг және құзға өрмелеушілер ел қоржынына медаль салуға күш салады.

Қазақстан олимпиадашыларының 54-і – ер адам, 26-сы – әйел адам. Оның 54-і турнирдің мұндай деңгейінде алғаш рет өнер көрсетеді. Команданың



жалпы орта жасы – 26,5 жас. Ең жас спортшы – 17 жастағы Төлеуғали Батырхан. Жас таеквондошы 80 келі салмақта өнер көрсетеді. Көркем гимнастшы Эльжана Таниева 18 жаста. 37 жастағы семсерлесу шебері Эльмир Алимжанов пен 36 жастағы мерген Мария Дмитриенко команданың ардагерлері саналады. Астаналық спортшылар арасында ең жасы – 24 жастағы Әділбек Мусин, ағайынды Айбек және Нұрбек Оралбайлар.

Алматы қаласының спортшылары 17 лицензия алса, Астана қаласының 13 спортшысы 15 жолдамаға ие.

Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левиттен олимпиадашылардың спорттық бабы туралы сұрадық.

– Париж Олимпиадасына Астана қаласының 13 спортшысы қатысады. Қазіргі бес-сайыстан Елена Потапенко мен жүзу шебері Әділбек Мусин екі жолдамадан алды. Токиода Олимпиада ойын-

дарының бағдарламасына енген жас спорт түрі – құзға өрмелеу бойынша Әмір Маймуратов қатысады. Бабы мен бағы сай келсе, Елена Рыбакинадан жүлде күтеміз. Боксшылар Айбек пен Нұрбек Оралбайлардың ұлттық құрамаға медаль салуға қауқары жетеді. Әрине, біздің өзге спортшылардың да Олимпиада бәсекесін қыздыруға әлеуеті жетеді, – деп бағасын берді.


Рио-де-Жанейро Олимпиадасында атой салған Василий Левитті түсінуге болады. Ол «Арық айтып, семіз шық» дегенді ұстанып тұрғаны анық.

Жоғары жетістіктер спортының жетілдіруде спорттың бұқаралық сипат алуы маңызды десек, елордада 551 мыңнан астам адам спортпен шұғылданады. Бұл – елордалықтардың 39,1 пайызы. Спорт және дене шынықтыру-сауықтыру бағытында 1081 ұжым жұмыс істейді. Бас қалада халық санының көбеюімен бірге спорт инфрақұрылымы жетіліп келеді. Қазір қалада 680 спорт ғимараты жұмыс істейді. Бұған мемлекеттік спорттық тапсырысты қаржыландырудың жан басына шаққандағы нормативті есептеу бойынша жұмыс істейтін мыңдаған секциясына қосу керек.

қалды. Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев осы саланы жүйелеуге басымдық беріп, нақты тапсырма жүктеуде. Енді министр көтерген бастамалар федерация мен басқармалар тарапынан қолдау тапқаны дұрыс. Болмаса бастама баянсыз болады, – деді.

Спорт сарапшысының жоғарыдан көтерген бастамалар жергілікті жерлер қолдауы керек дегені өте орынды. Себебі басқармалар әкімнің сойылын соғады, өзін бөлек мемлекет сезінеді. Федерациялар қолы ұзын адамдардың уысында. Оларға бюджеттің қаржысы болмаса, көп жағдайда қаржы егесінің сөзін керек етпейді.

– Біздің елде 180 спорт түрі қаржыландырылады. Бұл – бюджетке үлкен салмақ. Ұлтымыздың қарым-қабілеті мен болмыс-бітіміне жақын спорт түрлері бар. Бұрыннан нәтиже беріп жүрген, мектебі қалыптасқан спорты ерекшелік, соларға басымдық беру керек. Өзбекстан 11 ұлттық, 17 олимпиадалық спорт түріне басымдық береді. Ұлыбритания Олимпиада бағдарламасына кіретін тек 15 спорт түріне бюджеттен ақша бөлсе, Франция 17, Германия 18 спорт түріне қазынадан қаржы қарайды. Қалған спорт түрлері коммерциялық бағытта



САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Сан болған жерде сапа болады. Яғни бұқаралық спорт – жоғары жетістіктер спортының негізгі фундаменті. Токио Олимпиадасындағы есемізді Парижде орын толтыруға мүмкіндік бар. Спорт сарапшыларынан осы туралы сұрадық.

Спорт журналисі Аслан Қаженов:

– Президент Үкіметке Токиодағы сәтсіздіктен қорытынды шығаруды тапсырды. Нәтижесінде министр мен Ұлттық Олимпиадалық комитет басшысы ауысып, ішінара өзгерістер орын алуда. Бірақ мұның бәрін серпінді бастамалар дей алмаймын. Отандық спортты түбегейлі реформалау маңызды. Әкімшісті, төрт жылда төрт министр ауысты. Әр басшының өз көзқарасы болады дегендей, өзінің жаңа бастамаларымен келеді. Бір басшы бастаған істі екіншісі жалғамай, бәрін басынан бастайды. Ведомстваға қарасты мекеме жұмысымен танысып бірнеше ай жүреді...

Заманауи спорт қатты дамып кетті. Адамның физикалық мүмкіндігі жетпейтін нәтижеге қол жеткізуде. Бәрі ғылым мен медицинаның арқасында. Озық елдердің тәжірибесінен осыны көруге болады. Бізде спорт ғылымы мен медицинасы кенжелеп

өз жолын табады. Бізге атын білгенмен, затын білмейтін спорт түрлерін дамытуға бас ауыртпай, Олимпиада бағдарламасына және ұлттық спортты ілгерілетуді ойлау керек. Қазір жоғары жетістік спортында орта жас ұлғайып келеді. Осыған көңіл бөліп, буын алмастыруды ойлау керек. Сонда ғана спорттағы жетістігіміз оң нәтиже береді. Токиода кейінгі циклда қандай ауқымды жұмыстар атқарылды, мұның жауабын Париж төрінде білетін боламыз. Бұл жолы салыстырмалы түрде нәтижеміз жақсарды, өйткені соңғы Олимпиадасына жақсы көрсеткіш үшін баратын сақа спортшыларымыз көп, – деді Аслан Қаженов.

Кейде күтпеген спорт түрінен спортшылар медаль салып жатады. Азия ойындарында көзге түскен мерген қыздарымыздың жүйкесі сыр бермесе, жүлде алуы әбден мүмкін. Боксшылар ауыр жауапкершілікті арқалайды. Өйткені бір алтын медальды спорттың осы түрінен күтеміз. Атлантадан Риоға дейінгі алты Олимпиада ойынында боксшылар тұрақты алтын медаль алып келген-ді. Күрес түрлерінен Ресей балуандары қатыспайды. Бұл турнирдің деңгейіне әсер етіп, біздің балуандарға тамаша мүмкіндік береді. Жүзу, теннис, гимнастика, велоспорттан олжалы болсақ, қанжығамызға тар келмейтін еді.

P.S: Токио Олимпиадасындағы сәтсіздікке пандемия кінәлі болған-ды. Енді келешектен жақсылық күтіп, Парижден үміт етеміз, бірақ күдік те аз емес. Өйткені, спорт саласындағы проблеманың барлығын шешіп, серпінді дамытуға әлі талай жыл кетеді.

